

Әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар
практикалық сабақтарға бекіту парағы



ПМУ ҮС Н 7.18.3/41

БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор

_____ Пфейфер Н.Э

2010 ж. «25» «08» _____

Құрастырушы: аға оқытушы Кусанова Б. Т. _____

Зоотехнология, генетика және селекция кафедрасы

Ірі қара мал шаруашылығы, сүт пен ет өндіру технологиясы
пәні бойынша
050802 «Зоотехния» мамандығының студенттеріне арналған

әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар

практикалық сабақтарға

Кафедранын отырысында ұсынылды
2010 ж. «25» 08 №1 хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Бурамбаева Н. Б. 2010 ж. «25» «08» _____

Агротехнология ОӘК мақұлданды

2010 ж. «25» 08, №1 хаттама
ОӘК төрағасы _____ Жағипарова М.Е. 2010 ж. «25» «08» _____

МАҚҰЛДАНДЫ:

ЖжӘКБ бастығы _____ Варакута А. А. 2010 ж. «25» «08» _____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
2010 ж. «28» 08 №8 хаттама

1-тақырып. Ірі қара малдың конституциясы, экстерьері және интерьері

Сабақтың мақсаты: ірі қара малдың конституциясының негізгі жіктеу түрлерімен танысу, сүт және ет бағыттағы мал конституциясының топографиясын оқу, экстерьерлік негізгі ақаулары мен кемшіліктерімен танысу.

Құрал жабдықтар мен материалдар:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.:Агропромиздат, 1988, с.14-21.

2. Чижик И.А. Альбом по конституции и экстерьеру сельскохозяйственных животных. – Л.:Колос, 1979, с. 5-15.

3. Плакаты: «Стати экстерьера крупного рогатого скота разного направления продуктивности», «Пороки и недостатки экстерьера крупного рогатого скота».

Сабақтың мазмұны мен әдістемесі.

Сүт бағытындағы ірі қараның экстерьері.Сүт ірі қара малдың бұлшық еттері жақсы дамымаған, сондықтан олардың денесі арықша келеді. Сүтті ірі қара малдың ортаңғы және артқы дене бөліктері жақсы жетілген.

Сүтті бағыттығы сиырлардың басы үлкен емес, жеңіл, ықшамды, ұзынырақ, ал ені кішкентайлау. Арқасы түзу және ұзын, ішті, бөксе жағы кең, құйымшағы ұзын, сирақтары жіңішке, түзу, буындары айқын көрініп тұрады, тұяқ бітісі мықты.

Сүт бағыттағы сиырлардың кеудесі кең, терең, енді әрі ұзын болады. Белдің мықтылығы, оның бел омыртқа мен етінің жетілуіне байланысты. Бөксенің көлемі жамбас, ортан жілік және құйымшақ сүйектерінің өзара байланысына қарай қалыптасады. Бөксе алды артынан тұтас кең болуы тиіс. Сиырдың сүттілігі көбінесе бөксенің көлеміне байланысты. Барлық мал үшін мықыны кең, сауыры жалпақ, тегіс болған қолайлы. Қушиған немесе тым қысқа, әлде түсініксіз бөксе қай мал үшін де үлкен кемістік. Желіннің бөлімдері жақсы жетілген, көлемі бауырына қарай көп созылған, сауылғаннан кейін көлемі көп кішірейді. Желіннің терісі жұқа жұмсақ жүнмен жабылған. Ең қолайлы желінге тегене немесе тостаған тәріздісі жатады.

Табиғи жайылымда малд жайған төзімді болуы керек. Малдың аяқтары, әрі буындары жақсы жетілуі қажет. Тұяқтары да мықты, әрі жалтырап тұрғаны жөн. Малдың аяқтарына тән кемшіліктерге қайшы аяқтылық, ортақ тілерсектік және тағы басқалары жатады.

Тапсырма 1. Әр бағыттағы ірі қара малдың топографиясын суретке салу және танысу.

2 -тақырып. Сиыр желінінің морфофункционалдық құрылысы

Сабақтың мақсаты: желіннің дамуы және сүт беру құрылысы бойынша сиырды машинамен саууға жарамдылық әдістемесін бағалау.

Оқу құралдары және материалдар:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.: Агропромиздат, 1988, с.202-208.
2. Черкащенко И.И., Спивак М.Г. Функции вымени коров. – М.: Колос, 1979, с.96-116.
3. Штангенциркуль, мерный циркуль, мерная лента.
4. Плакаты по данной теме.

Сабактын мазмұны мен өткізу әдістемесі.

Желіннің дамуы мен сапалы сипаттамасы – сиырлардың машиналық саууға жарамдылығы басты көрсеткіші бойынша қарастырады.

Мына мақсат бойынша оқытылады:

- 1) морфологиялық белгілері: желін формасы және өлшемі, сүт бездерінің тамырының жетілуі, желіннің өлшемі, көлемі және орналасуы;
- 2) функционалды құрылымы: сауу жалғасуы және интенсивтілігі, Төртінші желіннің дамуы мен бір уақытта сауылуы.

Тапсырма 1. Желін өлшемдерінің схемасын сызу.

Тапсырма 2. Сүт беру жылдамдығын анықтау әдістемесін жазу.

3-тақырып. Сүт өнімділігін бағалау және есептеу

Мақсаты: сүт өнімділігін есептеу әдістерімен танысу.

Оқу құралдары және материалдар:

1. Изилов Ю.С. Ірі қара шаруашылығы практикумы. – М.:Агропромиздат, 1988, с.46-52, с.57-59.
- 2.Тақырып бойынша плакаттар мен кестелер.

Сабактың мазмұны мен өткізу әдістемесі.

Қазіргі уақытта сүт өнімділігін есептеу үшін келесі есептеу әдістері қолданады:

- 1) Күнделікті есептеу;
- 2) Бақылау сауымы;

Сиырларды күн сайынғы есепке алуда сауым сүттерін бағалауға алады. Мұндай әдісті кейбір асылтұқымды заводтарда пайдаланады. Шаруашылықтардың көпшілігінде сауым сүтінің 10 күн сайын есепке алуларын қолданады (бақылау сауымы 10 күнде бір рет өткізіледі). Бұл әдісте бақылау күнінің сауымын 10-ға көбейтеді, осы сияқты үш шығармалардың қорытындысы айлық сауымды береді.

Егер бақылау сауымын айына бір рет өткізсе, едәуір кем баға береді. Осы жағдайда айлық сауым сүтін бақылау күнінің санын айдағы күнге көбейту арқылы анықтайды. Көптеген шаруашылықтарда сиырдан сауылған сүттің сүт өлшемдігі оның көлемінің өлшемдерімен анықтайды. Бұл жағдайда, литрды килограмға аудару үшін белгілі сүт көлемін тығыздығына көбейту керек (сүттің орташа тығыздығы 1,030 кг/л).

Сүт құрамындағы май мен ақуыз мөлшері айына бір рет анықталады. Белгілі уақыт аралығында сүт құрамындағы орташа майды (ақуыз) есептеу үшін осы кезеңдегі сауымды майдың пайыздық құрамына көбейтеді. Сүттегі

майдың (ақуыз) орташа құрамын анықтау үшін бір проценттік майды табиғи сүтке бөлу арқылы алады.

Тапсырма 1. Егер шаруашылықта 1.01-120 фуражды сиыр, ал 1.02 – 130 сиыр, 1.03 – 135 сиыр, 1.04 – 140 сиыр болса, квартал ішіндегі бір фуражды деген сауылымды және фуражды сиырлардың санын есептеу. Жалпы сауым сүтін құрады: қантарда – 450 ц, ақпанда – 470 ц, наурызда – 520 ц.

Тапсырма 2. Кестеде көрсетілгендердің негізгілері: 1 лактация бойынша сауымды есептеу, лактация бойынша сүттегі май мен ақуыздың орташа құрамы, сонымен қатар лактация тұрақтылығының коэффициентіні есептеу және лактациялық қисық сызықты құру.

4-тақырып. Ет өнімділігін бағалау және есептеу

Мақсаты: ет өнімділігін есептеу әдістерімен танысу.

Құрал жабдықтар мен материалдар:

1. Изилов Ю.С. Ірі қара шаруашылығы практикумы. – М.:Агропромиздат, 1988, с.52-54, с.83-98.

2. Тематика бойынша плакаттар мен кестелер.

Сабақтың мазмұны мен өткізу әдістемесі.

Ірі қарамен жасаған тәжірибелік жұмыста сиырдың еттілік өнімділігін анықтау үшін келесі әдістерді қолдану керек:

1) денесінің өлшемдері бойынша;

2) таразылық. Бұл үшін кезең бойынша сиырдың тірі салмағын өлшеу мақсатымен сиырды таразыға қояды.

Тірі салмағын анықтау үшін оның абсолютті, орташа тәуліктік және тірі салмағына қатысты өсімін анықтайды.

Тірі салмақтың абсолютті, орташа тәуліктік және қатысты өсімнің көрсеткіштерін есептеу үшін сиырдың тірі кезіндегі ерте жетілгіштігі мен ет өнімділігін пайдаланады.

Сиырдың ет өнімділігінің өмірлік көрсеткіштерінің бағалануын сойғаннан кейін де қолданады (сою массасы, сою шығымы, морфологиялық және ұшаның сорттық құрамы, химиялық құрамы, дәмдік қасиеттерімен сиыр етінің каллориялығы)

Тапсырма 1. Ірі қара малының ұшасының бөліктерін сызба түрінде белгілеу.

Тапсырма 2. Ірі қараның май жиналу тізбегін сызба түрінде көрсету.

5-тақырып. Ірі қара мал тұқымдары

Сабақтың мақсаты. Шаруашылыққа қажеттілігі бойынша тұқымдарды жіктеуді үйрену, кең таралған тұқымдармен танысу.

Оқу құралдары және материалдар:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.:Агропромиздат, 1988, с.52-54, с.83-98.

2. Тақырып бойынша плакаттар және кестелер.

Сабақтың мазмұны және өткізу әдістемесі.

Ірі қара мал тұқымдарын өнімділігі бойынша 3 топқа бөледі:

- *сүтті* (ғолланд, қара-ала, голштин, айршир, джерсейс, холмогорск, ярослав);

- *аралас* (симментал, швиц, бестужев, пинцгау, костром);

- *етті* (геррефорд, абердин-ангусс, қалмақ, қазақтың ақбас, киан, шароле, лимузин).

Тұқымдарды зерттеу үшін әдебиет көздерін қолдану арқылы, ГПК, сонымен қатар фотосуреттер, фильмдер, және ауыл шаруашылық малдарының көрмелерінде танысуға болады.

Тұқымдарды зерттеуде, ең бастысы шығу тарихына, таралу ареалына, өнімділігіне, тұқыммен асыл тұқымдық жұмыстарды ұйымдастыруына көңіл аудару қажет.

1-тансырма. Ірі қара мал тұқымын елде өсірілетін және ең кең тараған түрлерін жіктеу және оны схемаға енгізу.



2-тансырма. Ірі қара малдың тұқымдарымен танысу (фотосуреттер, фильмдер бойынша) және оған пішіні бойынша қысқаша сипаттама беру:

Бақылау сұрақтары:

1. Ірі қара малдың сүт тұқымын қандай топтарға бөледі?
2. Ірі қара малдың ет тұқымын қандай топтарға бөледі?

6-тақырып. Ірі қара табының ұдайы өндірісі

Сабақтың мақсаты. Сиырлардың шағылыстыру және туу жоспарын ұйымдастыруды үйрену. Сиырлардың туу және ұрықтаныдыру есебі бойынша картотекаға кірістіру формаларын құру.

Оқу құралдары және қолданылған материалдар:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.:Агропромиздат, 1988, с.92-94, с.93-98.

Сабақтың мазмұны және өткізу әдістемесі.

Жыл сайын шаруашылықтарда сүтті табындардың шағылыстыру және туу жоспары ұйымдастырылуы қажет.

Бұл жоспарда келесі тапсырмалар орындалуы керек:

1. Табынның тұқымдылығын және сапасын жақсарту, өндіруші бұқаны жақсы таңдау арқылы жүзеге асырылады;

2. Қысырлықпен күрес;

3. Қауіпті тууды және түсіктерді жою;

4. Сүт өнімділігінің мерзімділігін төмендету мақсатында, туудың айлар бойынша қолайлы бөлінуі.

Шағылыстыру және туу жоспары, экономикалық және зоотехникалық тұрғыда қарастырылып, ұйымдастырылуы тиіс.

Тапсырма. Күнтізбені қолдана отырып, сиырлардың шағылыстыру және туу топтары бойынша есептеу және журналды толтыру.

7-тақырып. Сүтті табынның жұмысшы жас малдарын өсіру

Сабақтың мақсаты. Сүтті табынның жұмысшы жас малдарының өсу және даму ерекшеліктерін танып білу.

Жас малдарды өсіруде, бағалауда және ең жақсы дамығанын, жоғары өнімділікке қабілеттілерін іріктеуді жоспарлауда практикалық дағдыларды иелену.

Оқу құралы және қолданылған материалдар:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.:Агропромиздат, 1988, с.52-54, с.83-98.

Сабақтың мазмұны және өткізу әдістемесі.

Ірі қараның жас малдарын өсімін және дамуына баға беру үшін абсолютті және қатысты өсу жылдамдығын есептейді: абсолюттік өсім, кг; орташа тәуліктік өсім, кг; қатысты өсім, %.

1-тапсырма. Қара ала асыл тұқымды жұмысшы жас тайыншаларын туғаннан бастап 18 айлық жасқа дейін және тірілей салмағы 520 кг жеткенше өсіру жоспарын құрастыру.

Тайыншалардың бірінші ұрықтаныруы 18 айлығында жүргізіледі.

Тайыншалардың бірінші ұрықтандыруына байланысты сақа сиырлардың тірі салмағына қатысты анықтап алып, тайыншалардың өсу көрсеткіштерін жоспарлау үшін тірі массаның шығымын 18 айлық жастағы бойынша құру керек.

2-тапсырма. Қара ала асыл тұқымды бұқасын туғаннан бастап 16 айлық жасқа дейін және тірілей салмағы 450 кг жеткенше өсіру жоспарын құрастыру.

Кестеде келтірілген азықтандыру нормаларына сүйене отырып, бұқаның қоректік заттарға қажеттілігін анықтау.

Бақылау сұрақтары:

1. Жас малдардың орташа тәуліктік өсімін есептеу?
2. Жасына қарай малдардың абсолютті және қатысты өсімі қалай өзгереді?

8-тақырып. Сүт өндірісінің ағымдық-цехтік жүйесі

Сабақтың мақсаты. Сүт фермасы және әр түрлі қуатты комплекстерге арналған өндірістік цехтердің көлемін есептеуін үйрену, сүт өндірудегі ағымдық – цехтық әдісте сүт фермаларының және комплекстердің жұмысының технологиялық схемасын зерттеу.

Оқу құралдары және қолданылған материалдар:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.:Агропромиздат, 1988, с.52-54, с.83-98.

Сабақтың мазмұны және өткізу әдістемесі: Сүт өндірісінің ағымдық-цехтық әдісі ұрғашы малдарды физиологиялық жағдайына байланысты төрт технологиялық топқа бөледі, олар мынандай цехтарға жіктеледі: қысыр сиырлар; бұзаулау; сауым және ұрықтандыру; сүт өндіру.

Суалған сиырлар цехына фермадағы барлық сиыр басына шаққанда 14% тұратын орын және сонымен қатар 8-12% 6-7айлық стельностті қысыр сиырларға орын қажет.

Бұзаулағаннан кейінгі цехында сиырларды 25 күн ұстайды (8 тууға дейінгі секцияда, 2 туу секциясында және 15 бұзаулағаннан кейінгі секцияда). Бұзаулау цехында 11-12%, сонымен қатар тууға дейінгі секцияда 2-3%, туу секциясында – 1-2% және бұзаулағаннан кейінгі секцияда – 7-8% малға орын қажет. Бұзаулау секциясы туу бокстарымен (әжіре) жабдықталған, оның өлшемдері 2,5/3 м. Туу секциясында сиырларды байлауда немесе байлаусыз, ал бұзаулағаннан кейінгі секцияда байлауда және бокста ұстайды.

Сиырды сүтейту цехында сиырлар 100 күн ұсталынады, ол үшін фермадан 25% орын бөлінеді.

Бұл цехта сиырларды байлауда, байлаусыз топтап немесе бокста ұсталынады.

Цехтың мақсаты – сүт өнімділігін жоғарылату және сиырларды жақсы ұрықтандыру болып табылады.

Сүт өндіру цехына сиырлар сауу және ұрықтандыру цехынан түседі.

2-тапсырма. Әдістемелік нұсқаулықтарда келтірілген нормативтер бойынша сүт фермаларына және әр түрлі қуатты комплекстерге арналған өндірістік цехтердің өлшемін есептеу.

Бақылау сұрақтары:

1. Сиырлардың бұзаулау цехы қандай секцияларға бөлінеді?
2. Сүтейту және ұрықтандыру цехында сиырларды қанша ұстайды?
3. Сүт өндіру цехының көлемі қандай?

9-тақырып

Ірі қара малды бордақылау технологиясы

Сабак мақсаты. Өндірістік кешен жағдайларында ірі қара мал төлін семірту мен өсіру технологиясымен танысу. Кешеннің өндірістік қуатын, қоректегі қажеттілік пен өндірістік алаңдардағы қажеттілікті анықтау бойынша есептеулерді жасауды үйрену.

Оқу құралдары мен материалдар:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.:Агропромиздат, 1988, 52-54б.,83-98б.

Сабақтың мазмұны мен өткізу әдістемесі.Ірі қара мал төлін өсіру мен семірту фермаларына жасы 10-15 күн және орташа салмағы 40-50 кг бұзаулар келіп түседі.

Өсірту мен семірту фермаларына 6-9 айлық салмағы 150-200 кг мал түседі.

Барлық фермалар мен семірту алаңдарында тірі салмағы 430-450 кг малды сату жоспарланады.

Қара мал етін өндірудің өндірістік технологиясымен жас төлді қарастырылған мерзімдерді қатаң ұстануды қажет ететін циклдық кесте бойынша өсіру мен семірту үрдісінің үздіксіздігі қарастырылады.

1 тапсырма. Пішімдеме бойынша ірі қара мал төлдің өсіру мен семірту кешені жұмысының технологиялық сызбасын жасау.

Әрбір сатының ұзақтығы туралы мәліметтер мен жоспарлық өсімді пайдалана отырып, әрбір сатыдағы малдың тірі салмағы мен период бойынша салмақтың өсімін есептеу.

2 тапсырма. Кешеннің (бас пен тірі салмақ) жылдық өндірістік қуаттылығын есептеу.

Кешеннің өндірістік қуаттылығы жыл бойынша ет комбинатына жіберілетін мал партиясының саны, әрбір партиядағы мал басын (бір басқа шаққандағы ақаудар, мен тірі салмақты азайтқандағы сан) анықтау жолымен есептеледі.

3 тапсырма. Кешеннің қоректегі жылдық қажеттілігін анықтау: ЗЦМ, комбикорм, шөп.

Кешендегі мал саны 2 тапсырмада есептелген.

4 тапсырма. 1 және 2 периодтардың бір бөлмесінің ауданы мен бір мал басына шаққандағы кеңістік аумағын есептеу.

Кешендегі жаопы қуаттылық пен технология туралы жалпы тұжырым жасаңыз.

Бақылау сұрақтары:

1. Пайдалануға жарамсыз мал басы ақаулары мен қалдықтарының деңгейі қандай?
2. Кешеннің өндірістік қуаттылығын қалай есептеу керек?
3. Мал төлін өсіру мен семірту қанша созылады?

10-тақырып. Мал шаруашылығындағы зоотехниялық және асылтұқымдық есебі

Сабақтың мақсаты. Тауарлы және асылтұқымдық фермаларындағы зоотехниялық есептің кіріспесімен танысу. Белгілі есеп құжаттарын құруды практикалық түрде үйрену.

Оқу құралдары мен материалдар:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.:Агропромиздат, 1988,

Сабақтың мазмұны мен өткізу әдістемесі.

Өндірістік және асылтұқымдық есеп жүргізу мал шаруашылығындағы бас санын білу үшін қажет, сонымен қатар; өндіру және өнімді беру; ресурстарды дамытуды жоспарлау; өндіруді және жемді шығындауды жоспарлау. Асылтұқымдық жұмыстарды жүргізуде, баға беруде, таңдау мен жұптастыруда есеп жүргізу ерекше мән береді.

Есепті арнайы формалар бойынша жүргізеді.

Негізгі формаларды белгілеуге катысты бірнеше топтарға бөлуге болады.

А. Мал бас санын есеп жүргізу құжаты: төл алу акті, жануарлардың шығын акті, жануарларды бір топтан екінші топқа ауыстыру актісі, негізгі табыннан жануарларды бракка шығару актісі, фермадағы жануарлардың қозғалыс есебі.

Б. Азықтандыру есебінің құжаты: шырынды және құрғақ азықтарды қабылдау актісі, жайылымдық азықтарды қабылдау актісі, азықтарды шығындау ведомості.

В. Өнімді есептеу құжаты: сүттілікті жүргізу есеп журанлы, бакылауы сауымының актісі, сиырдың сүт өнімділігіне есеп жүргізу кітабы, Сүт пен сүт өнімдерін жөнелтуге тауарлы – транспорттық құжаттамасы.

Сонымен қатар, төлдерді тіркеу және жас төлдерді өсіру журналы, жануарларды өлшеу ведомості, жануарларды жөнелту және қабылдау тауарлы транспорттық құжаттамасы, мал шаруашылық өнімдерін өндіру туралы есеп.

Асылтұқымдық жұмыста малмен қатар есептің келесі формалары қолданылады: асылтұқымдық бұқаның карточкасы, асыл тұқымды сиырдың карточкасы, сиырлардың сүт беруін бақылайтын журнал, экстерьер мен конституция бойынша бағалау журналы, өндіруші бұқалардың комплекстік белгілерін бағалау журналы, сүтті бұқаларды және сүтті – етті тұқымдарды ұрпақ сапасы бойынша бағалау журналы, ірі кара малды бонитировкалау ведомості.

Шағылыстыру жоспары мен жұмыс нәтижесі шағылыстыру мен төлдету журналында жазылады.

Тапсырма. Біріншілік есеп бойынша бас есебі жөніндегі құжаттарды толтыру және жануарлар бастарының көзғалысы туралы есеп құру.

Бакылау сұрақтары:

- 1.Өндірістік есеп не үшін қажет?
- 2.Зоотехниялық есептің қандай формалары болады?
- 3.Асылтұқымдық жұмыста қандай құжаттар қолданылады?
- 4.Жануарларды таңбалау түсінігі?
- 5.Жануарларды таңбалаудың негізгі принциптері қандай?

11-тақырып.Ірі қара малды бонитировкалау

Сабак мақсаты. Әр түрлі жыныстық жастағы топтардың малдарының бонитировкалау принциптерін меңгеру. Жануарларды қолдануды, оларды жұптастыруды және таңдау жұмыстарын жоспарлауды анықтау мақсатымен өнімдік сапалар мен комплекстік бағалаудың тәжірибелік әдістеріне үйрену.

Оқу әдістері мен материалдары:

1. Изилов Ю.С. Практикум по скотоводству. – М.:Агропромиздат, 1988,

Сабактың мазмұны мен өткізу әдістемесі. Бонитировка – бұл жануарларды белгілі бір класка жатқызып, комплексті бағалау.

Ірі қара малды жыл бойы бонитировкалайды: ремонттық бұқашықтарды ұрыктану жасына жеткенге дейін, сиырларды лактацияның соңына дейін, жас малдарды 10-айлығынан.

Бонитировканы жүргізу үшін:

- әр сиырдың 305 күндік сауымын соңғы лактациясы бойынша есептейді, сүттің орташа майлылығын есептейді;
- экстерьер мен конституция бойынша жануарларды бағалау;
- машиналық саууға сиырлардың жарамдығын анықтау;
- әр жануарды олшейді;

Сиырларды сүттілік өнімділігі, экстерьері және конституциясы бойынша, генотипі бойынша бағалайды; өндіруші-бұқаларды – экстерьері және конституциясы, генотипі бойынша бағалайды; жас төлді – генотипі, экстерьері және дамуы бойынша бағалайды.

Жануарларды бағалауды қорытындылай келе оларды мынадай кластарға жатқызады: элита-рекорд, элита, I класс, II класс.

I I класс талаптарына сәйкес емес жануарларды кластық емеске жатқызады.

Тапсырма 1. «Сүтті және сүтті-етті тұқымды ірі қара малдарды бордақылау тәсілдерінде» жазылған, ірі қара малды комплексті бағалаудың принциптерін меңгеру.

Тапсырма 2. Келтірілген мәліметтер бойынша жануарлардың класын анықтау.

Сиыр холмогор тұқымдық Ракета, таза тұқымды.Алғашқы үш лактация үшін орташа өнімділік - 4355 кг сүт майлылығы 3,8%, экстерьер

бағасы – 8 балл, сүт беру жылдамдығы – 1,3 кг/минтәуліктік сауымда 22 кг, 3 рет бұзаулағандағы тірі салмағы – 500 кг. Шешесі – элита, әкесі – элита-рекорд А2.

Сиыр симменталдық тұқымдық Лента, таза тұқымды. Ең жақсы 3 лактация үшін орташа өнімділік - 3500 кг сүт майлылығы 4,0%, экстерьер бағасы – 8 балл, сүт беру жылдамдығы – 1,2 кг/мин тәулістік сауымда 14 кг, 3 рет бұзаулаған тірі салмағы – 550 кг. Шешесі – элита, әкесі – элита.

Бақылау сұрақтары:

1. Малдың бонитировкасын қай кезде жүргізеді?
2. Сиырларды бонитировкалау кезінде нені есепке алады?
3. Бонитировка қорытындысы бойынша малды қандай кластарға жатқызады?